


А 2006

6529 к


Зияаддин
НАХШАБИ

ТОТЫНАМА



توتناما

ЖАЗУШЫ



Зияаддин
НАХШАБИ

ТОТЫНАМА

توتناما

Хикаят



Алматы
"Жазушы"
2005

ББК 82.3(5)
Н 15

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Қазақ тіліне тәжімалаған
Әуелбек Қоңыратбаев пен Тынысбек Қоңыратбай

Нахшаби 3.

**Н 15 Тотынама/Қазақ тіліне тәжімалаған Ә.Қоңыратбаев,
Т. Қоңыратбай.—Алматы: Жазушы, 2005.—328 бет.
ISBN 9965-746-24-9**


Қазақ мәдениетінің үш қанаты бар десек, соның жемісті бір арнасы — шығыс әдебиеті. Сонау Иран — Тұран дәуірінен бері қазақ халқының ауыз әдебиетіне өткен фольклорлық сюжеттер өте көп болса, солардың елеулісі — “Тотынама”. Үнді елінде туып, негізінен, хикаяттар түрінде жеткен бұл ертегілер қазақ халқына да жақсы танымал. “Тотының тоқсан тарауы” деп аталған бұл сюжеттер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ~~шағатай, татар~~ тілдерінде жарық көрген.

ББК 82.3(5)

Н 4703020500-054
402(05)-05

ISBN 9965-746-24-9

© “Жазушы” баспасы, 1991
© “Жазушы” баспасы, 2005



ТОТЫНАМА ХАҚЫНДА

Ежелгі үнді, иран, араб және Орта Азия елдерінің әдеби-фольклорлық мұрасы әлемге мәшһүр. Бұл аймақтарда кітап шығару мәдениеті де ерте дамыған. Харон Рашид кезінен бастап Бағдат халифаты сарай маңына ғұламалар жинап, былғарымен қапталған кітаптар шығарған. Орта Азия халықтарының фольклорлық мұрасы осы шығыс сюжеттерімен тығыз байланысты. Сондай қымбат мұраларымыздың басы — “Мың бір түн”, “Тотынама”, “Шаһнама” сюжеттері. Бұлар ауызекі хикаялауға негізделген ертегі, орта ғасыр романы үлгісінде көрінген әдеби мұралар. Олардан адамзаттың сәби кезеңдеріне тән мифология, шығыс халықтарының ғажап қиялы да көрініс тапқан. Мұндай хикаяттардың оқиғасы бір ғана шығыс елдері емес, Орта Азия халықтарының тұрмысынан да алынған. “Төрт дәруіш”, “Ибраһим-Адһам”, “Бақтиярнама”, Сейфүл-Мәлік — Бәдігүл Жамал”, “Шеризат — Күлшат” сюжеттері соның айғағы. Кейін осы сюжеттер қазақ халқының ауыз әдебиетіне өтіп, кеңінен жырланған. Оның басты тақырыптары — адамның мінез-кұлқын жақсарту, ғашықтық, байлық, кедейлік, ұрлық, зұлымдық, парақорлық мінездері. Ішкі халық даналығына, гуманизмге толы. Мұны жазба әдебиетке өткен фольклор үлгілері дейміз.

Үнді елі — ертегілер бесігі. Олардың танымдық табиғаты да тосын: ертегілер санскрит жазуына түскендіктен, ислам әсері аз да, көне мифтік ұғымдар басым.

“Тотынама” — бүкіл шығысқа мәлім жазба. Иран, ауған, түрік, өзбек, түрікмен, ағылшын, т.б. тілдерде жарық көрген ертегілер қазақ фольклорына да ерте енген. Кейін жазба әдебиетке ұласып, шағатай (1851),

татар (1892) тілдерінде жарық көрген. Бірақ бұл сюжеттің қазақ тіліндегі әдеби нұсқасы болмаған. Сексенінші жылдары М. Наурызбаев дейтін автордың “Тотынаманың” қазақша нұсқасы бар, ол 1891 жылы Қазанда басылған деп, ертегіден үзінді жариялағаны есімізде¹. Бірақ шығыс әдебиетіне қатысы шамалы М. Наурызбаевтың бұл үстірт пікіріне кезінде әдебиетші Қ. Мұқамедханов ғылыми түсінік берген болатын². Бұл мәселе аударма қолжазбасымен мұқият танысып шыққан ғалым Т. Арыновтың назарынан да тыс қалмаған-ды. Зерттеуші М. Наурызбаев тарапынан жіберілген үш бірдей кемшілікті көрсетіп: *“Тотынаманың” татарша аудармасы 1891 жылы басылмаған, .. келесі 1892 жылы Қазан университеті баспасында басылып шыққаны туралы деректер кітаптың бірінші бетінде жазулы түр. Екінші қате, “Тотынаманың” татарша аудармасын жасаған Абдил Ғалам Фаез Ханоглы кітабының шағын алғы сөзінде: “... Османлы түріктері тілінен өз татар тілімізге тәржіма қылдым” — дейді. (2-бет, 12-15 жолдары). Осы жолдарды көре тұра біздің аудармашы “таза қазақ тілінде” дей салады... Үшіншіден, М. Наурызбаев осы татарша аударманы “түпнұсқа” деуге дейін барып қалады. Бұл жаңсақтықтар аудармашының дайындығы өте төмен екенін көрсетсе керек”³, — деп жазған еді.*

“Тотынама” — ауызекі хикаялау дәстүрі шеңберінде туып, жазба әдебиетке арқау болған мұра. Оны санскрит тілінен парсы жазбасына түсірген Зияаддин Нахшаби XIII ғасырдың екінші жартысында қазіргі Қарши (Нахшаби) қыстағында дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойы Бадлун шаһарында тұрып, 1350 жылдар шамасында дүниеден өткен⁴. Жас кезінде Махмұт Ғазнауиге еріп Үнді жеріне барады. Зияаддин Нахшабидің “Гүл-

¹ Наурызбаев М. “Тотынама” хақында // “Қазақ әдебиеті”. — 1986, 21 наурыз (1 12).

² Мұқамедханов Қ. Ортақ борыш ой қозғайды // “Қазақ Әдебиеті”. — 1986, 6 маусым (1 23).

³ “Тотынаманың” қазақша аудармалары туралы. Рецензия “Жазушы” баспасында жатқан “Тотынама” аудармасының қолжазбасына жазылған. Алматы, 1987 жыл, 20 мамыр. — Т.Қ.

⁴ Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попукая. - М., 1982. Предисловие, 5-б.

риз” (“Толысқан гүл”), “Ләззан ан-ниса” (“Әйел сүю”), “Жүзиат-у күлиат” (“Бөлшектер мен бүтін”) атты шығармалары да болған. Осы белгілеріне қарап оны сопылық ағым ақыны болды деушілер де бар. Бірақ Нахшаби жазбаларында ислам әсерінен гөрі үнді халқының көне мифологиясы басым. X-XIV ғасырлар шығыста Ренессанс идеясының орлеген кезі болса, Нахшабиді сол мәдениеттен шет қарастыруға рет жоқ.

“Тотынама” дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылған. 1970 жылы оның “Шукасаптати” деп аталатын бір үлгісі қазақ тілінде “Тотының тоқсан тарауы” деген атпен жарияланды. (*Аудармашысы — Ф. Сармұрзин.*)

Одан бергі жерде корнекті шығыстанушы Е.Э.Бертельс 1979, 1982 жылдары “Тотынама” ертегілерінің академиялық аудармасын бастырып шығарды. Осы нұсқаны 80-жылдардың орта шенінде Ә.Қоңыратбаев қазақ тіліне тәржімалай бастап, осы жолдар иесі аяқтап шыққан еді. 52 түннен тұратын “Тотынама” ертегілері 1991 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген болатын.

“Тотынама” фольклор ма, жазба әдебиет үлгісі ме? Ертегі ме, әлде орта ғасыр романы ма? Әрине, орта ғасыр романы деуге ұпай тастайтын жайлар аз емес. Мысалы, “Тотынама” жазбаға проза тілінде түскен. Соған автордың өз атына беріліп отыратын рубаяттар қосылады. Бұл екі белгі де орта ғасыр романында бар. Сол әдеби дәстүрді ерте қолданғандардың бірі — Зияаддин Нахшаби.

“Тотынама” — ертегі. Мұнда үнді, тибет, Орта Азия елдерінің мифологиясы жақсы сақталған. Бұл сипат ислам санасымен жазылған орта ғасыр жазбаларында кездесе бермейді. Бірақ зерттеушілер шығыс елдерінде кең тараған авторсыз сюжеттердің басым көпшілігін фольклор санайды. Оған Миклухо-Маклай институты, Туманович бастырған орта ғасырдағы жүздеген тәжік-парсы үлгісіндегі жазбалар айғақ. Бәрі де авторсыз, сол үшін фольклор мұрасы болып саналады. Оның үстіне сюжеттері ескі мифологияға құрылған. Шығыс фантазиясының барлық кереметі осында. Нахшаби нұсқасы автор өңдеуінен өтсе де, негізгі желісі үнді ертегілерінен алынғандығы анық.

Бұл процесс қазақ әдебиетінен де байқалады. Мысалы, қазақ эпосын назиралаған қисса ақындарында фольклор сипаты болды. Сюжет халықтікі болса, соларды қисса ақындары замана ұғымына сай қайта оңдеп жырлаған.

“Тотынама” ертегілерінің тілі таза прозалық тіл емес. Онда хикаяттардың әрбір жеке тармағын, оқиғасын жинақтап отыратын поэзия үлгілері көптеп саналады. Мұндай рубаяттар көбіне замана сыны, махаббат сезімі, адам мінсіз, әділдік тақырыптарына құрылады.

*Фасырымыз бұзылып, құлдырады.
Әділдікті кім жақтап, тындырады.
Тіл мен ділдің арасы қашық болса,
Елдің сағын ондайлар сындырады.*

Немесе:

*Мінез — тал, темір — қасаң, тағдыр — ортақ.
Ақылсызы адамның іске шорқақ.
Оз аяғын балталап шапқанмен бір,
Озім батыр, өзгені десең қорқақ,—*

деген рубаят үлгісіндегі жолдар дәуір, қоғам қайшылығын терең философиялық ой шеңберінде ашып көрсетеді.

*Махаббат - адам үшін жанның гүлі,
Жанға соулет, жүректің тілі, ділі.
Махаббат - нанымдардың алтын тәжі,
Әлемнің оған жетпес барлық діні.*

Сол сияқты:

*Демеймін патшалардың бәрі жаман,
Бірі - әділ, бірі — дарқан, бірі — сараң.
Болысып әділетке кейбіреуі,
Бас беріп, нашарларға болған жаран,—*

деген жерде Нахшабидің айтатыны әділет, мораль, достық, махаббат; сынайтыны — шаһ-патшалар салты, заңсыздық, надандық, салт-сананың іріп-шіруі. Ертегі “билеушілер мың-мыңдап кәнізек ұстаған қоғамда қалайша әділет болмақ? Оларға әйелдері қалайша адал болмақ?” деген ойды көптеген сюжеттерге арқау еткен.

Мысалы, “Әмірдің әйелі, оған піскен құстардың күлгені жайындағы әңгіме” (23-түн) шығыс ертегі-

леріне тән әйел мекерлігі тақырыбына құрылған. Ертегі бір ғана әйелдердің опасыздығын айтумен шектелмейді, артынан берер ғибраты да бар. Мұндай белгі көптеген шығыс сюжеттерінен байқала бермейді.

Бағбан әмірдің әйеліне нарцисс гүлін ұсынғанда, ол теріс айналып кетеді. Әмір мұның себебін сұраса, әйел: “Бұл гүлдер адам көзіне ұқсас скен. Менің жүзімді әмірден басқа еркек көрмеген еді. Патшадан басқа жанның көзі жүзімді көрмесін деп, басымды бұрып әкеттім”, — дейді. Сол кезде әйелдің қолындағы піскен құстар ду күледі. Ақыры бұл күлкінің сырын әмірдің дастархандасы ашып, әйелдің адал еместігі әшкереленеді.

Осы жолдардан соң Нахшаби оқырмандарға бағыштап:

*Нәпсі қуған азғындар тартты жаза,
Қайдан деме басыма пәле, қаза.
Әділеттің дұшпаны ұры, қары,
Бақ қонады адамға жаны таза,—*

деген ғибрат айтады.

“Тотынама” ертегілерінде сюжеттік ұқсастықтар жиі кездесіп отырады. Оның өзіндік себебі де бар. Басында жеке-жеке айтылған ертегілер бері келе циклдану процесінен өтіп, тұтастанған. Мысалы, 23-түнде айтылған оқиғаның желісі Қамажай әңгімесінде қайталанатын (25-түн).

Бұл ертегіде бір патшаның қырық әйелі болады. Олар үйлерінде қызша киінген бір-бір жігіт ұстаған. Бұл өнерді оларға Қамажай үйретеді. Жұрт патшаға балық тарту еткенде, Қамажай да әмір әйелінің қылығын қайталап: “Ойбай, бетім-ау, ішінде еркегі болса менің дидарымды көріп қалады. Жүзімді патша-ағзамнан басқа жан көрмеп еді”, — деп бетін басады. Сол кезде әлгі балықтар шулап қоя береді. Балықтардың неге күлгенін қу бастан туған сиқыршы бала ашып, патша өзінің әйелін әлгі қырық жігітке қосақтап өлтіртеді.

Осыған орай ертегі:

*Нахшаби, тағдырдан сен ұтыласың.
Қулықпен одан қалай құтыласың.
Жазмышқа ақыл-айла ем болмайды,
Тағдырдың құрығына тұтыласың,—*

деп, тағы да терең ғибрат айтады.

Бұл ертегілерді әйел опасыздығын бір ғана ислам діні тұрғысынан сынаған ой деуге болмайды. Фибраты өте терең. Онда патша — арыстан, уәзір — қасқыр, қызметші — тышқан, шаруа — киік, қой бейнесінде көрсетілген. Хұжастені азғындық жолынан құтқарып қалатын тоты күс — данышпандық үлгісі.

Қамажай аты қазаққа мәлім, ондай ән де бар. Шамасы, бұл атау серілік символы болса керек. Қамажай атын, “шын сөзге өлі балық тіріліпті” дейтін сөзді қазақтар осы “Тотынамадан” алуы да ғажап емес.

Осы секілді ұқсастық Бәшір мен Жанда (24-түн), патша уәзірлерінің ұл-қыздары (34-түн) жайындағы ертегілерден де байқалады. Бұл екі ертегі де шынайы махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына құрылған. Ескі қоғамда ғашықтардың қолы бір-біріне жете бермейді. Алғашқы ертегіде Жанда сұлуға Бәшір ғашық болып, қыздың орнына досы бәдәуи жігітті жіберсе, келесі өңгімеде Аяз Махмудеге ғашық болады. Ол да қыздың үйіне өз досы Сәлімді жұмсап, өз сүйгенін табады. Бұлар шаһардан қашып шығып, мұрат-мақсаттарына жетеді.

*Берсең қолың, бермесең жолың деген.
Торт ғашық өз қамдарын өзі жеген.
Омірдің қисық жолы толып жатыр,
Уәзірлер жастар жайын қайдан білген,—*

деген жерде феодалдық қоғам сыны да бой көрсетеді.

Нахшаби шаһтар мен шаһзадалар, уәзірлер ортасын ұсақтаған деп біледі. Сондықтан оларға халық өкілдерін қарсы қоя сойлсіді:

*Зорлығынан патшалар сақтан, досым.
Ажал менен өлімді тақтан тосың.
Дұғаменен патшалар ел билесе,
Қиратар деп әлемді мақтан қостым.*

Ертегілерде қобіне захид, сопылар бейнесі кездесіп отырады. Олар Иран, Тұран елдеріне бірдей ортақ. Кейде дәруіштер патша қызын алса, оның ізі қазақ дастандарында да бар (мысалы, “Ибраһим-Адхам”). Дәруіш Біһалзан ханшасына ғашық болғанда, патша оған қызын бергісі келмейді. Мұндай теңсіздік махаббат ісіне жүрмейді дегенді айтпақ ертегі. Нахшаби нұсқа-

сында “Бәрсиса”, “Сауда ишан” сияқты мысқыл жоқ. Бұлар әлем әдебиетінде сирек кездесетін сюжеттер. Оны Гетенің “Фауст” сияқты туындысымен қатар қоюға болар еді. Бәлкі, одан да шыншылдау. Іші толған ғибрат, даналық.

*Арам болсаң адалмын деп мақтанба.
Не дауа бар ар-иманын сатқанға?
Арамдықты адалдыққа жорысаң,
Кездескенің нағыз қарғыс атқанға,—*

деген үлкен әлеуметтік ойға құрылған нақыл сөздер аз емес. Соның бәрі де бүгінгідей жаңа, тың, сәби.

“Тотынама” — назиралық өңдеуден өткен үнді сюжеттерінің бірі. Ол Зияаддин Нахшабидің қолынан шығып, жазба әдебиетке түскен. Бірақ онда көне мифология да басым. Ә.Қоңыратбасв ХХ ғасыр басында қазақ эпосын назиралаған ақындар көне сюжеттерден көшпелі елдердің ертедегі мифтік ұғымдарын шығарып тастаған десе, эпос ақындарынан болған бұл өзгерістерді арнайы зерттеу қажет.

“Тотынаманың” нұсқалары өте көп. Д.Е.Бертельс олардың жалпы саны 85 деп корсеткен. Бұл да толық санақ болмауы мүмкін. Себебі ауыз әдебиетінің басты ерекшелігі — көп нұсқалығы. Оның VII ғасырда назиралаған бір үлгісі — “Синдбаднама”. Мұнда “Тотынама”, “Мың бір түн” ертегілеріндегі сияқты түн дейтін бөлініс жоқ. Барлығы үш бөлімге бөлінген: алғашқысы — Құран, екіншісі — Иран патшаларына арналған ұзақ мадақ, үшіншісі — жеті уәзірдің сөзіне кептелген, “Тотынамада” бар әңгімелер. Синдбад мұнда теңізкешер емес, патшаның ақылсыз баласын оқытатын астрология ғылымының өкілі.

“Тотынаманың” екінші нұсқасы М.А.Ширяевтың аудармасында жарық көрген⁵. Бұл жетпіс түрлі ертегіден тұратын нұсқа. Солай болса да, көлемі Нахшаби жазбасынан шағындау.

Бүгінде “Тотынаманың” ең толық әрі көркем нұсқасы Е.Бертельс аудармасы болып саналады. Аудармашы оны көптеген нұсқалардың негізінде жүйелеп, бір ізге келтірген. Е.Бертельс қолжазбасымен

⁵ Шукасапрати - М., 1960. Перевод М. А. Ширяева.

кезінде М.Горький, А.Толстой сияқты атақты қаламгерлер де таныс болған.

Бүкіл шығыс әлеміне мәшһүр осы жазба мұрамызды қазақ тіліне тәржімалағанда, біз оны фольклор дәстүріне жақындатып, қазақтың байырғы сойлеу тілінде өрнектеуге күш салдық. Басында үнді брахмандары ортасында жасалған ертегілерге кейіндеу енген ислам әсерін Е.Бертельс біршама азайтыпты. Әйтсе де сюжетке тікелей қатысы жоқ діни қоспалар әлі де кездесіп отырады.

“Тотынама” — шығыс елдеріне кең тараған, әйел мекерлігі мен аярлығын әшкерелейтін көркем шығармалар қатарына жатады. Ондағы хикаяттар бір ғана мысал емес, сатира, мысқыл, әжуа, терең мағыналы ғыбратқа да толы. Мұра сонысымен де қымбат, көркем, тартымды. “Тотының тоқсан тарауы” деген атаумен мәлім ертегілердің қазақ фольклорынан алатын орны аса зор. Назарларыңызға ұсынылып отырған басылым сол ерекшеліктерін зерттеуге жол салады деген үміттеміз.

*Тынысбек Қоңыратбай,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.*



КІРІСПЕ⁶

...Өмірдің жастық шақтары, жүректі ойнатқан жігіттік күндер, қош көңіл жылдар, армансыз өмір — адам басына қонған ұлы бақ, қызық дәурен, шексіз қуаныш. Оның қадіріне жете білу керек. Кімде-кімге өмір желі оңынан туса, оның тағдыры сәтті болады. Әрбір адамның өмірі — өзінше бір айбарлы мемлекет. Адамға керекті — уақыт. Садақтың оғы кірістен шығып кетсе, ол қайтып келмейді. Босқа өткен уақыт — қолдан ұшқан құс, бастан тайған бақ. “Адам өмірінің ең жаманы — қолдан кеткен уақыт” дейді халық мақалы.

*Нахшаби, уақыт деген өмірге тел.
Уақыт — алтын, бір дүркін тасыған сел.
Өткен күн бақ құсындай оралмайды,
Бір рет соққан дүлей дауылмен тең .*

...Бір көпестің үйінде адамша сөйлейтін ерлі-зайыпты екі тоты болыпты. Бірде үй иесі сапар шегіп, жолға шығады. Кетерінде ол әйеліне: “Мен жоқта қандай істі болса да осы екі тотымен ақылдасып істерсің” деп тапсырады. Көпес жол жүріп кетісімен әйелі бір жас жігітке ғашық болып, сол сұлу жігітті бір сәт көрмесе тұра алмайтын болыпты. Жігітке көңілі ауғаны сонша, оның жүрегі ойнап, басы айналыпты. Бір күні кеш түскен соң әйел ұрғашы тотыға келіп: “Басыма үлкен қайғы түсті. Бүгінгі түнді ғашығымның қасында өткізіп, мауқымды бассам деймін. Соған баруға рұқсат бер”, — депті.

⁶ Ертегі кіріспесінде алдымен Алла, одан соң пайғамбарға мадық айтылған. Онысы $18 + 18 = 36$ жол. Ертегі сюжетіне тотелей қатысы болмаған соң, ол жолдарды алып тастап, әңгімені оқиғаның өзінен бастадық. — *Аударушылар.*

⁷ Осыдан кейін келетін автор түсініктері де қысқартылды.

Ұрғашы тоты иссіне адал еді. Ақыл мен өсиеттің қақпасын кең ашып, әйелге жақсы ниет, тілектестік білдірді. Бірақ ерiңе қиянат жасама деген ойды да айтып қалады. Ішi қазандай қайнап тұрған әйел бармақтай құсты аяғынан ұстап алып, қара жерге соғып қалғанда, тотының “шиқ” деген жаны шықты да, үнін аспан өлемі ұрлап әкетті.

Содан соң әйел еркек тотыға барып, әлгi сөздерін қайталады. Еркек тоты терең ойға шомып: “Егер мен әйелге ғашығына барма, ерiңе адал бол, көзiңе шоп салма десем, ұрғашы тотының көрген күні маған да туады. Берген жауабым, бiр жағынан әйелдiң де көңiлiн аулауға, екiншi жағынан, басымды ажалдан сақтауға тиiс. Әңгiме қатерге тiрелген болса, мен ендiгi жерде әйелдiң арманын жақтаған болып, оны емексiтiп, үмiттендiре сойлеуiм керек. “Жылы-жылы сойлессең, жылан iнiнен шығады” деген ғой. Ол үшiн мен әйел құлағына жағатын қызғылықты әңгiмелер тауып, соны таң сәриге дейiн созуым керек. Сонда әйел әлгi әңгiменi тастап кете алмайды. Сойтiп отырғанда түн отiп, күн де шығады, әйел ғашығына бара алмайды”,— деп ойлапты.

Тотының ойы дұрыс болып шықты. Күн батты дегенше ол әйелге қызықты әңгiмелер айтып, ұзақ түндi өткiзетiн болды. Әңгiмелердi елу екi түн бойы айтыпты. Осылайша елу екi түн өткен соң иесi оралып, тоты көпеске болған жайдың бәрiн баяндайды, әйелiнiң сырын, қара ниетiн айтады. Көпес тотысының ақылына қайран қалып, оның басынан сипайды, ал әйелiн өлтiредi.

*Көзiң құрт арам болса алған жарың,
Боласың ердiң қоры, сынып сағың.*

Ар-ұяты бар, ақыл-есi түгел, өнердiң күдiретiн бiлетiн барлық оқырманға айтарым: осы ғажайып ертегiлер мен қызық әңгiмелердi оқығандарға автор ризалық бiлдiрiп, алғыс айтады.

МАЙМҮН МЕН ХҮЖАСТЕ, ЯКИ ТОТЫНЫҢ САУДАГЕР ТОТЫ ҚҰСЫ МЕН ӘЙЕЛІ ЖӨНІНДЕГІ ӘҢГІМЕСІ

Б і р і н ш і т ү н

Үнді жерінде кешқұрым елдің басын құрап, ғажайып ертегі айтушылар көп болған. Сондай ертегілердің бірінде Мүбәрәк деген саудагердің әңгімесі айтылады. Мүбәрәктің алтын-күмісі мен мал-мүліктері көп те, баласы жоқ екен. Өмір бойы бір перзент аңсап: “О, Алла, мені қу бас ете көрме! Көз жасымды көріп, маған бала бере қор” деп жалбарынумен болыпты. Күндердің күнінде әйелі жүкті болып, ұл туады. Ел-жұрты қуанып, саудагерден сүйінші сұрайды. Ұл болғанда қандай!

*Жұлдыздар тең келмейді келбетіне,
Екінші Жүсіп⁸ келді жер бетіне.*

Мүбәрәк қу өзінің көптен аңсаған баласына Маймүн⁹ деп ат қойды. Баласының шекесі толысып он жеті жасқа келгенде, Мүбәрәк біреудің қызына құда түсіп, Хұжасте атты келін түсіреді.

Маймүн мен Хұжасте тату-тәтті болды. Араларында достық, ыстық махаббат туып, бір-біріне ғашықтығы Азра мен Уамықтан¹⁰ кем болмады. Осындай тәтті бақыттың саясында олар ұзақ уақыт өмір сүрді, қайғы-камдары болмады.

Бір күні Маймүн базарға барып, адамша сойлейтін тоты құсты көрді. Сатушы оның шешен әрі ақылды күс екенін, құран оқи білетіндігін айтып, жұртты қызықтырды. Бағасын сұраса: “Мың динар бересің”, — деді.

Маймүн күліп: “Мың динар беріп бұл жұрт ақымақ па? Сонша ақшаны оның жылтыраған қанатына бере ме, әлде бармақтай тұлғасын мысыққа жем етемін деп сатып ала ма?!” — депті.

⁸ Жүсіп (Иосиф) — жастық символы. Құрандағы Жақып пен Рахила баласы.

⁹ Маймүн — сәтті туған бала деген сөз.

¹⁰ Азра мен Уамық (Вамық) — Ғазнауидің сарай ақыны, молдір махаббат символы.

Сонда тоты құс сөзге келіп: “Ей, жігіт, сенің балалығың қалмаған екен. Менің құнымды сен қайдан білейін деп едің? Қанаттарым жалтырап тұрғанмен басым даналыққа, білімге толы. Менің сөздеріме білігішпін деген имамдар да, небір данышпандар да бас иген. Мен періште (жебірейіл) емеспін, бірақ жүнім жасыл. Мен өзімді жұмақтағы хұр¹¹ қызындай сұлуымын, мінсізбін, құс атаулының данасы, бекзадасы, періштесімін демеймін, көкке де ұша алмаймын. Бармақтай ғана тұлғам бар. Нахшаби сияқты ақындық, шешендігім де жоқ. Бірақ сол кісінің мына бір сөзі есінде бар ма?” — депті.

*Білім деген, Нахшаби, құттың басы.
Оған жетпес ғаламның алтын тасы.
Нәрсені кім кемітер тұлғасы шақ,
Адамға ең керегі бармақтай бақ.*

“Өзім бармақтай болсам да, таудай талабым бар. Қасиетім сол, келешекке көз жүгіртіп, істің алдын көре білемін. Әлемде жақсылық бола ма, жамандық бола ма, соны он күн бұрын болжаймын. Сол болжамның бірін қазір айтайын. Біліп ал: үш күннен соң мұнда Кабул шаһарынан бір керуен келеді де, барлық нард¹² гүлін сатып алады. Сол керуен келгенше сен осы шаһардағы барлық нард гүлін сатып алып, бірде-бір жапырағын қалдырма. Үшінші күні керуен келіп гүл іздегенде, сен бұл істен мол пайда табасың. Менің құнымды төлеп, сатып ала бер. Егер осы айтқаным келмесе, мені бұрынғы иеме қайтарып берерсің. Сен менен зиян көрмейсің”, — депті.

Маймұнды бұл сөздер қатты қызықтырды. Осы шарт бойынша ол тотыны сатып алды. Соған қоса қаладағы барлық нард гүлін де жинап алды. Үшінші күні күткен керуен келіп, нард шөбін іздей бастады. Олшеміне бір драхма¹³ берсе де, нард елден табылмады. Маймұн болса бағасын өзі қойып, нард шөбіне не сұраса, соны алды. Бұл саудадан мол пайда тауып, тотының

¹¹ *Хур (гурри)* — Құранның айтуынаша жұмақта жүретін еркек көрмеген пері қыздар. Хур — қарақоз деген сөз.

¹² *Нард* — Үнді елінде өсетін иіс май жасайтын шөп.

¹³ *Драхма* — ежелгі Рум елінің күміс теңгесі, соған тиісті олшем (4.5 грамм).

мың динарын толеді, қалған қаржыны өз мұқтажына жарата бастады.

Ертеңіне ол сатылып тұрған ұрғашы шарақты¹⁴ көреді. Иесі оны да адамзатша сойлейді деп түр екен. Маймұн әлгі құсты да сатып алып, өз тотысының қасына қояды. Құстар қобейсе, көңілді болып, сайрап тұрар деп ойлаған еді.

*Нахшаби, тірі зат көп бұл өмірде,
Бірі — құт, бірі — залым, бірі — мүрде.
Жараспас бірлігі жоқ әрбір ұрпақ,
Бәрі де өзін мақтар келсе тілге.*

Данышпандардың айтуы солай: рулар өз жігімен көшіп-қонса, көгершіндер өзді-өзді үйір, сұңқар болса өз тобында ұшады.

Маймұн тотының білімін, корегендігін білген соң, өзінің барлық ісін сонымен ақылдасып істеуге қошті. Нендей іске қол ұрмасын, алдымен тотысымен ақылдасады.

Бір жолы Маймұн тотысының қасында отырып, оның әңгімесін тыңдайды. Сөз арасында теңіздің арғы жағындағы сауда жайы қозғалып, тоты ондағы сауданың өте пайдалы екенін айтады. Маймұн бұл әңгімеге қатты қызығады. Бұрын теңіз көрмесе де тотының әңгімесінен кейін аяғындағы кебісін лақтырып тастап, Маймұн саудаға аттанбақшы болады. Сол ниетпен ол Хұжастеге барып: “О, менің жандай сүйген жарым! О, жас шағымның мінсіз де кемел қуанышы! Адамның күш-қуаты әр кез бір қалыпта болмайды, адам күнде бір ғана іспен шырмалып тұра алмайды. Теңіздің арғы бетіндегі сауда жайында бір жақсылық хабар естідім. Оның пайдасы мен байлығы теңіз толқынындай бірінен соң бірі еселеп соғады екен. Пайдасы теңіздің өзі қандай болса, сондай десті. Күш-қуатымның барында осы сәтті пайдаланып, сол жаққа қарай саяхат жасағым бар. Бір тістем нан тапсам да пайда емес пе? Ақшасыз адам — дамбалсыз диуана, байлықсыз үй — қираған мола. Егер адам талаптанбаса, оны адам санатына қосу жарамайды. Қалтасында бір тал дирхеми немесе динары жоқ адам өлікпен тең. Динар дегеніміз не? Ол сары жағал киім

¹⁴ *Шарақ* — Үнді елінің адамша сойлейтін қараторғайы.

киіп, әлемді жеңген батыр, ән салған алтын әлемді билейді. Ол патшалар тарихының хабарнамасы, толысқан күннің жанып тұрған алтын табағы, жер мен су да соның ыңғайына кошеді. Әсірелеп жіберген болмасам, ғаламда динардан асқан күшті сиқыр жоқ”, — депті.

*Бай біткенде, Нахшаби, сән-салтанат,
Арқалайды қу кедей тек жаманат,
Адамдығы адамның ақшаменен,
Онсыз адам құр емес, бос аманат.*

Сонда Хұжасте: “Теңіздің арғы беті мен жағалығындағы кәсіптің пайдалы екені, рас. Бірақ ол адамды қарап етіп, бақытсыздық әкелуі мүмкін ғой. Ақшасыз қалдым деп түпсіз апатқа түсіп кетпе, динар қуамын деп бас амандығын ойламасқа бола ма? Динар дегеніміз не нәрсе? Тойымсыздың қазылған көрі, алыпсатардың көзін оятын қазық. Ол бүкіл адамзат ұрпағының аяғына салынған кісен, сол кісеннен аман қалған адам жоқ. Ол барлық сезімдердің бұғауы, оның сорлатпаған адамы жоқ. Алтын адамның барлық қасиетін қорлайды, барлық адамның тобесінен қос қолдап ұрады. Динардың екі беті сары жағал, жүзі алдампаз”, — депті әйел.

*Нахшаби, жер теңгемен доңгелеген,
Боріден құтылған лақ қорған емен,
Алтын — асыл, жез — жалған біле білсең,
Жезден қаш, алтын болсаң шын қореген.*

“Егер ұзақ сапар шегуге анық ниет еткен болсаң, мені де қасыңа қосып ал. Әйел — ердің кебісі деген ғой, кебіссіз қайда бармақсың?” — депті әйелі.

— Уа, Хұжасте, — деді Маймұн сөзін жалғап, — әйел үйдің босағасы деген сөз де бар. Босаға әркез өзінің орнында болса, әйел үй бағуға тиіс, оған үйден кетуге бола ма? Егер мен жоқта алдыңнан бір қиын іс шықса, оны шешерде әркез менің тоты құстарыммен кеңесіп, солардың дегенімен ғана жүр. Ақылдының берген кеңесі әр кезде пайдалы, шешендермен ойласқан істің ақыры қайырлы болады”, — депті ері.

Осыны айтып ері әйелімен қоштасты.

Көп күндер әйелі ерін қорға алмады. Уақыт болса ұзай берді. Бірде Хұжасте үй шатырында отырып, патша

баласына көзі түсті. Екеуі бір-біріне тесіле қарап, шаһзада Хұжастеге бірден ғашық болып қалады. Құмарланғаны сонша, ол сол жерде басы айналып күлап қалды. Хұжасте де битарап қалмаған еді. Сөзім әскері шыдамның елін жаулап алып, махаббаттың алдыңғы саптағы әскері тыныштықтың алдыңғы жасағын жайлап жіберді. Құмарлық сұлтаны жүрек еліндегі тыныштыққа шатыр тікті, махаббат ұлығы сабыр мен шыдамның бекзадаларын қырып салды. Екі жақтың елшілері тілге келіп, екі ғашықтың жеңгетайлары сыбыр-сыбырға қошті. Хұжасте басында біраз қарсылық білдірсе де, ұзамай қонді. Сонда Хұжасте: “Күн — ғашықтар нәренжесі, бүгін кешке түн келіп, қараңғылық орнаған соң шаһзада төсегіне барамын” деп уәде берді.

Күн батып, қараңғылық түскен соң Хұжасте бет пердесін алып тастап, тотының қасына барды. Тоты ұрғашы болғандықтан әйел оған жыныс жағынан жақын еді. Сол себепті әйел ұрғашы тоты маған көмек көрсетіп, бекзадамен жолығуыма рұқсат берер деп ойлады. Тотыға бар жайды жайып салып, рұқсат сұрады. Ұрғашы тоты болса өз иесіне міндеткерлігін ойлап, Хұжастеге рұқсат орнына түрлі ақыл-кеңес айтты. Құлдар өзінің қожасына қалайша опасыз болмақ? Махаббат құмарлығына түсіп, желігіп алған әйелдің жүрегіне тоты сөздері түрпідей қадалды, оның көзі көр, құлағы керек болды.

*Ол сүйсе мен де сүйгенім,
Сөккені жанға қандай дәт.
Сөзімді мұндай таптайды,
Әлде дұшпан, әлде жат.*

Сөйтіп, Хұжасте нәпсінің тілсіз жынына ерік беріп, махаббат кеселі бойын биледі, жаны бұлқан-талқан болды. Ұрғашы тотының кеңесінен оның жүрегі қабынды. Ашу қысқанда ақыл-есін жойып, өзін-өзі ұмытып, төрде тұрған тотыны қос аяғынан ұстаған күйі қара жерге қойып қалды. Тоты жан тапсырды. Ашуы басылмастан Хұжасте еркек тотыға келіп, оған да өз арманын баян етті. Еркек тоты есті, сертек күс еді. Өз-өзімен ақылдасып: “Егер мен ұрғашы тотының сөзін қайталасам, менің күнім де солай болмақ. Біреудің

кателігінен үйрену — адамды бақытқа жеткізеді деген ғой. Асылы оны түрлі-түрлі әңгімеге еліктіру керек болар. Оның өзін аса сақтықпен жүргізген жон”, — депті.

Нахшаби, тағдырыңмен татулас бол.

Омірдің өз білгені өзіне жол.

Қулардан қалған екен бір ауыз сөз:

Кім кәңсе тілін тауып ақылды сол.

Бұдан соң еркек тоты Хұжастеге қарап былай деді: “Сенде пәлендей айып жоқ. Адам қолын былғайтын кінә ондай болмайды. Егер ұрғашы тоты өзі әйел жынысына жақын бола тұрып әйелге опасыздық жасаса, онысы теріс. Оған көп аса өкінбей-ақ қой. Мен болсам бәтіме жанашыр белбеуін буынып, мақсатыңа жетуіңе көмектесіп бағармын. Жалғыз-ақ тілерім, бұл сырдың жұмбағы ашылып, көпке жайылып кетпесін. Ондай сөз еріңнің құлағына тие көрмесін. Онда менің халім бар күшінен айрылған бір саудагер тотысына ұқсап кетеді. Әйтсе де мен сендерді бітістіру жағында боламын”, — депті тоты.

Хұжасте: “Ол тотының хикаясы қалай екен?” — деп сұрапты.

Тоты оған былай деді: “Ертекшілердің айтуынша, Үнді елінің сәулесті бір шаһарында бір саудагер болған екен. Оның адамша сөйлейтін тоты құсы болыпты. Үйдің барлық тірлігі соның мойнында екен. Тоты үйдегі барлық жақсылық пен жамандықты көзбен көріп-біліп, соның бәрін де өз иесіне хабарлап отырыпты.

Бірде көпес сауда ісімен сапар шегіп, тез арада орала қоймайды. Әйелі болса осы уақытта бір жас жігітпен көңілде болып, күнде кешкілік сонымен ойын-сауық құрады. Мұның бәрін тоты көріп-білсе де үндемейді, жорта ақымақ, меніреу болып көрінеді.

Атақты Аш-Шафийге¹⁵: “Кімді данышпан деуге болады?” — деп сұрақ қойыпты. Сонда ол: “Өтірік ақымақ болған адам — данышпан!” — деген екен.

Нахашби, аңқау болғын жегіленіп,

Кетпесін аңы сөздер тіліңе еніп.

¹⁵ *Аш-Шафий (767-820)* — мұсылмандардың төрт мазхабының бірін жасаған әулие.

*Ишінде ку мен кәззәп момын болсан,
Сөзіңе оңшең шұнақ тұрар сеніп.*

“Бір күні көпес елге оралыпты. Тоты оған өзі жоқта болған оқиғалардың бәрін баян етсе де, әйелінің опасыздығын айтпай қалады. Ондағы ойы: құпия сырды жеткізіп, ерлі-зайыптылардың ажырауына себеп болмайын дейді. Бірақ ері әйелінің опасыздығын басқа біреулерден есітіп біліпті.

*Қайғы-мұң махаббатпен кессең парық,
Дидары ғашық жардың күндей жарық.
Жұпарды қанша орап қойса дағы,
Нісі мұрыныңды тұрар жарып.*

Иә, махаббат пен жұпарды жасырып болмайды. Көпестің әйелі бұл сырдың көпшілікке тоты құс арқылы тарағанын сезді. Тотыны ит етінен жек көріп, ретін тапса өлтірмек болды. Бір күні жұрт көзі ұйқыға кеткенде, әйел тотының жүндерін жұлып, етін тірідей итке тастайды. Сөйтіп, жұртқа тотыны мысық іліп кетіпті деді.

Тордағы тотылар өлген құсты азалап, жүндерінің өңін азалы түске келтірді. Бұлбұлдар жүнін кара түске айналдырып, кекілік басынан айдарын түсіріп, түйе-тауық төсіндегі ақ көйлегін өзгертіп, көгершіндер ауыз жаласпайтын, түйекүс канат жайып сыланбайтын болды. Бытпылдақ шанқылдап, бүркіт биік көтерілмейтін болса, самұрық жер бетінен ғайып болды. Азалы хабар бау-бақша өсімдіктеріне жеткенде гүл сабақтары кепкен қамыстай қурап қалды. Терек тамырын балшық басса, көбелектердің жүрегі кішірейіп, көк-жасыл, кара түске боялды. Анар гүлі қоңыр түске еніп, жасмин¹⁶ жапырағы сап-сары болды. Қызғалдақтың түсі қатқан қандай қарайып кетті.

*Нахшаби, құсыңды сен азалай біл,
Сылдырап қоңыраудай мазалай біл.
Тоты құс данғар еді, мәшһүр еді,
Жоқтады құс-көбелек, жағалай гүл.*

Жұрт тотыны өлді деп ұқса да, оның кеудесінде тіршілік нышаны бар еді. Тіріттуші мен өлтіруші алла

¹⁶ Жасмин — ақ гүл.

болса, тотыны олтiрeмiн деушiнiң озi кiм екeн? Әлeм несi құдiреттi алла болса, одан басқа адамның жан алу қолынан келе ме?

Копес үйiнiң жанында әулиеге толы бiр мешiт бар едi. Жүнi жұлынып, далада қалған тоты құс қанаттарын сүйретiп, ақсай басып сол мешiттi паналады. Түн баласына далаға шығып, анау-мынау жеп күн кордi. Біраз уақытты артқа сала оның қанат-жүндерi қайта өсiп шықты, озi бұрынғы қалпына келдi. Копес әйелiнiң iсiне ұятты едi. Оған тоты қайғысы қосылды. Тотыға iстеген азабы үшiн ол әйелiн үйiнен қуып шықты. Қайта табысқысы келiп қаншама әрекеттенсе де, ерi көнбедi. “Бiрiгiндер” деген ел сөзiне де құлақ салмады.

*Жүрек бiлсе, Нахшаби, болар ойран,
Ерлi-зайып бiтiссiн ендi қайдан.
Үжданына бiреудiң тисең егер,
Қайта келмес татулық оп-оңайдан.*

Жұрттың аралық сөзiнен де ештеңе шықпаған соң, әйел манағы тоты паналаған мешiтке барып мұның шағып, әулиелерге жалбарынады.

Түн ортасында тоты әйелге мешiттiң бiр қуысынан дыбыс бердi: “О, келiншек, сен бiр күнәңнан айрылмай жатып, екiншi тiлек сұрайсың. Адам арманына жету үшiн алдымен қиындықты жеңе бiлуi керек. Егер сен басындағы шашыңды бiр талдап жұлып, осы мазарда қырық күн түнеп шықсаң, бiз саған болысып, бұрынғы ерiңе қайта қосар едiк”, — дептi.

*Уа, Нахшаби, зәбiр қылма бiр жанға,
Кешiрiм жоқ зұлымдыққа бұрғанға,
Ашу, ыза iз қалдырмай кетпейдi,
Не шара бар төбесiнен ұрғанға?*

“О, келiншек, мен өсек-аяңнан аман едiм, жапқан жалам жоқ едi. “Бүлiкшi жұмаққа бармас” деген. Мен сенi ием деп, тұзыңа адал болдым. Саған әлi де адалмын. Мен осы адалдықтың жүйрiк атына мiнiп, сенi ерiңмен татуластырамын”, — дедi.

Ертеңiне алтын күн — тоты құс шығыстан құлақ көрсеткенде тоты озiнiң ескi үйiне келiп орналасты да, оз иссiн мақтай жөнелдi.

Үй иесi: “Сен кiм едiң?” — деп сұрады. “Мен мысық жеген тоты боламын”, — дедi.

Үй иесі бұған қайран қалып: “Өлген тіріліп келетін ақырзаман туған жоқ қой. Сен қалайша өліктердің ортасынан бұл дүниеге тіріліп келдің?” — деді.

Тоты күс оған жауап қатып: “Сен мені жазықсыз өлтірген әйелінді ешбір кінәсіз үйден қуыпсың. Әйелің мешітке барып жалбарынып, бар сырын айтты. Соны естіген әулиелер оған болысты. Мені тірілтіп саған жұмсады да, әйелінің ақтығын айтарсың деп тапсырды. Әйелінің жауыздығы жөнінде айтылғандардың бәрі бос жала. Әйелінің еркесқұмарлығы, мекерлігі жөніндегі әңгімелердің бәрі де өсек, жала, өтірік, қиянат. Әйелің адал, соны тез тауып ал да, кешірім сұра”, — деді.

Сол сәтте үй иесі мешітке барып өз әйелін тауып алды. Оның аяғынан сүйіп, өзінің айтқан сөздері мен істері үшін кешірім өтінді. Сөйтіп, әйелін үлкен құрметпен үйіне алып келді. Әйел болса көп уақыт көрген азабынан құтылып, мұрат-мақсатына жетеді.

*Қосылу сүйген жарға қайта жасап,
Жалғыздық, қасірет шегу қандай азап.
Жыл басын жаз шыққандай ел тойлайды,
Жарына жан жетпейді тапқан қалап.*

Осы сөзге келгенде тоты күс: “О, Хұжасте, егер сен біреуге ғашық болып, көрмесең тұра алмайтын халге жеткен болсаң, арманыңнан қалма, жүзін көріп табыс, ойна да күл. Бірақ құдай құртқанда бұл істің сыры сенің еріннің құлағына тисе, әңгіме жоғарыдағы көпестің жүн-қанаттарынан айрылған тотысына ұқсап кетеді. Онда мен сендерден кетермін, бірақ өле жатсам да сиқырлы дұғама, өнеріме салып сені еріңмен қайта қосуға тырысармын. Ал қазір жүрек сарайыңды тәтті махаббат жайлап, жаныңды қоярға жер таппай тұрсаң, үйден шық та, досыңа бар. Берген уәдеңе берік бол”, — депті.

Хұжасте тотының айтқанына көніп, киінеді. Бірақ сүйгеніне бармақшы болғанда күн шығып, ел аяғынан оріп кетеді. Жұрт көзіне түсіп қалатын болған соң, Хұжасте бұл түні сүйгеніне бара алмайды.

*Нахшаби түні бойы киініпті,
Корем деп сұлу жарды, сүйініпті.
Атқан таң ғашықтардың дұшпаны екен,
Бара алмай, күн шыққан соң күйініпті.*

**ТАБАРИСТАН ПАТШАСЫ ҺӘМ ОНЫҢ
ЖАСАУЫЛЫ, ЯКИ ЖАСАУЫЛДЫҢ ПАТША
ЖОЛЫНА ӨЗ БАЛАСЫН ҚАЛАЙ ҚҰРБАН
ЕТКЕНІ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘНГІМЕ**

Е к и н ш і т ү н

Саяхатшы күн — Ескендір батыс қараңғылығына барып батқанда, шығыстың кең аспанынан қалың қолдай қаптаған жұлдыздардың патшасы — ай туды. Хұжасте ақ маралдай керіліп, тосегінен тұрып, ғашығына баруға рұқсат сұрады: “О, жанымның қуанышы, бақыты! О, құс атаулының патшасы, әміршісі? Жүрегімді ғашықтық дерті жайлап алды, денем от болып жанады. Жанымның бұлбұлы жалғыздық мұңын сайрайды. Жүрегімнің сыбызғысы дерт күйін шертеді, тілім күрмеледі. Шыдам патшасы менімен тілдесуді қойды. Сабыр, тағат дегеніңіз патшалар мінген асау арғымақ болса, ол да тізгін берер емес. Ғашық болған жігітім: “Сіз бен біз неге табыса алмаймыз?” деп зарланады. Осы арманыма ем тап, жан жабырқап, тарыққанда селбеу болмасаң, жәрдемінді қашан көрсемін? Рұқсат берсең, сол ғашығыма құстай ұшып барар едім. Күнітүні бір сәт қормеген соң қиын екен. Балдан тәтті, оттан ыстық сол ғашықтың жүзін бір көрсем, наурыз күні келгендей қуанар едім”, — делі.

*Нахшаби, сүйіскенде бар ма жазық?
Жан-тәнге содан келер барлық азық.
Сезімі жоқ адамды өлік деп біл,
Жан тозар махаббатсыз жүрек азып.*

Тоты құс оған: “О, гүлдей жайнаған хор қызы, сәулетім, жарылқаушым! Сенің биік арманыңа мен де ортақпын. Сол арманыңды ойлап, кейде есімнен де жаңыламын. Сенің арманың орындалғанша менің жаным тамұқта болатын шығар.

Алайда адам ғашығына қосылып, шолдеген жанына сусын таба білу үшін оның бірқатар заңы мен шарты бар. Сол шарттың басты бір көрінісі — адам біреуге қоңілі кетсе, сол әйел досы тұратын кошедегі иттерді адамнан жүз есе артық қоруге тиіс. Есінде болар, Ләйлі-

нің иті алдынан шыққанда, Мәжнүн оның астына жата қалып, аяғын басына қойған. Сонда жұрт: “Ей, Мәжнүн, есің дұрыс па? Басыңды қор қылып иттің табанына неге саласың?” деген. Оларға Мәжнүн: “О, надандар, иттің үйден не үшін жүгіріп шыққанын сендер қайдан білейін деп едіңдер?” — деп жауап қатқан.

*Мәжнүн итті бір рет түзде көрді,
Ғашық жардың иті деп қолын берді.
Құшақтасып итпенен дос болдың деп,
Кінәлады коргендер Мәжнүн ерді.
Деді Мәжнүн: “Бәрін де ұмытыңдар,
Ләйлі үйінде бір көріп болдым шерлі”.*

— Уа, исм,— деді тоты сөзін жалғастырып,— ғашықтықтың бір шарты бар. Ол сүйгенін көзінше бір есе жақсы корсе, сыртынан екі есе жақсы көру керек. Махаббат сонда ғана күшті болмақ. Мұндай қасиет адам жанындағы махаббат отына май құяды, құмарлық ссзімін арттырып, ақыры соның жолында құрбан болуға дейін жеткізеді. Табаристан патшасының жасауылы өзінің баласын патша жолына құрбан еткен, сойтіп, бақытқа жеткені есінде болар”, — депті.

“Ол қандай хикая еді?” — деп сұрады Хұжасте.

“Ертекшілер айтады,— деп бастады сөзін тоты күс,— бір күні Табаристан патшасы той жасапты. Той салтанаты жұмақтан асып түседі. Жиналған адамдар гүлге боленіп, патшаға деген махаббат салтанатын құлаққа тағылған сырғадай қуаныш сәулеті деп білді. Енді бірде патшаға деген ілтипат алтын шекпендсі болды. Мөлдір шарап адамдардың ішін майдай сылап қыздырып, жалыны сыртқа тепті. Меруерт кесслерден жұтқан шарап адам ішіне барғанда жақұттай жайнады. Заң жүзіне келгенде шарап барлық құпия мен қылмыстың кіріспесі, алғашқы қадамы. Оның пайдасынан гөрі тәнге беретін ләззаты артық деседі ғалымдар. Шарап адам ажарын маржандай сұлулайды. Шарап — тән дәрісі, зәмзәмнің сиқырлы суы, Балахшанның анар гүлі. Ол адамның сарғыш тартқан жүзін қызыл-күрең түске келтіріп, нұрландырады. Жүрек айнасына жабысқан қайғының кірін жуып, тазартады. Тілсіздерге тіл береді. Ғашықтардың жүрегін толғайды, сабырлы мен сабыр-